Бекітемін

«Ноғайты» бөбекжай - балабақшасының

меңгерушісі: Г.Т. Күзенбаева.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**2023-2024жж**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша) «Ноғайты» бөбекжай-балабақшасы
Топ/сынып «Толағай» ортаңғы топ
Балалардың жасы 3 жастан бастап
Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) Қыркүйек айы 2022 жыл

Бекітемін: 10.09.2022 ж.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қыркүйек | Музыка<br>*Аптасына 1 сағ*<br>*Айына 4 рет* | -Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдау.<br>-барлығы бір қарқында әнді таза айту.<br>-Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау<br>-Музыканың сипатын түсіну<br>-Әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту)<br>-Шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. |
| Қазан | Музыка<br>*Аптасына 1 сағ*<br>*Айына 4 рет* | -Ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді.т.б.<br>-Ре (ми) – ля (си) диапазонында ән айту дағдыларын дамыту.<br>-Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту,әнді бірге бастап, бірге аяқтау. |

| | | |
|---|---|---|
| Қараша | Музыка<br>*Аптасына 1 сағ*<br>*Айына 4 рет* | -Музыкалық қоңырау, сылдырмақ, маракас аспаптарымен және аспаптардың дыбысталуымен таныстыру.<br>-Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау,қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.<br>-Музыканың сипатын түсіну<br>-Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл –күйін қабылдай білуді қалыптастыру.<br>- Таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. |
| Желтоқсан | Музыка<br>*Аптасына 1 сағ*<br>*Айына 4 рет* | -Музыкалық жанр: ән,би,марш таныстыру.<br>-Музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын балуге және ажыратуға үйрету.<br>-Аспаптың сүйімелдеуіне ілесе отырып бірге ән айту.<br>-Музыкалық шығарманың  көңіл – күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету.<br>-Заттармен  музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бірбірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. |
| Қаңтар | Музыка<br>*Аптасына 1 сағ*<br>*Айына 4 рет* | - Музыка тыңдауда әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге үйрету;<br>-Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтуға баулу;<br>-Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына мүмкіндік беру;<br>-Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |
| Ақпан | Музыка<br>*Аптасына 1 сағ*<br>*Айына 4 рет* | -Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру;<br>-Ән айтуда әннің сөзін түсініп орындауға, көңіл-күйін жеткізе білуге үйрету;<br>-Балалардың таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру;<br>-Металлафон аспабында (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |

| | | |
|---|---|---|
| Наурыз | Музыка<br>*Аптасына 1 сағ*<br>*Айына 4 рет* | -Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету;<br>-Жеке және топпен ән орындауда дауыс диапазонын жетілдіру;<br>-Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау;<br>-Қазақ халқының сыбызғы аспабының үнін тану, басқа аспаптардан ажырата білу. |
| Сәуір | Музыка<br>*Аптасына 1 сағ*<br>*Айына 4 рет* | -Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету;<br>-Ән айтуда , қарқынды ән орындауда бір-бірін тыңдап, естіп орындауға дағдыландыру;<br>- Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау;<br>-Балалар музыкалық аспаптарын ойындарда, қарапайым ырғақ соғуда қолдану. |
| Мамыр | Музыка<br>*Аптасына 1 сағ*<br>*Айына 4 рет* | - Музыка тыңдауда балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету, оларды атай білу;<br>-Ән айтуда негізгі ережелерді: бірге орындаушыларды, аспаптың сүйемелдеуін, сөздің мағынасын, әннің көңіл-күйін есте ұстап орындауға дағдыландыру;<br>-Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау;<br>-Танып білген музыкалық аспаптарды үнінен ажырата білу. |
| **Нормативтік жүктеме** | | **Барлығы 36 сағат** |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка **Қыркүйек айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:** | «Топ-топ, балақан» әні | |
| **Күні:** 06.09.2022ж – 13.09.2022ж | 2 сағат (Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі ҰІЭ-те жалғастыру) | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы топ** | |
| **Міндеттері** | Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, барлығы бір қарқында әнді таза айтуға үйрету.Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындауға баулу. | |
| | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | Музыка залына көңілді музыка әуенімен қарсы алу.<br>Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп аяқтың ұшымен жүгіруді, серіппелі қозғалыс жасау, айналуды ұсынады. **«Миға шабуыл» әдісі**<br>Қанша бала, қанша қыз,<br>Бір шоқ гүлміз баршамыз!<br>Ойын-күлкі ордасы<br>Біздің балабақшамыз! – Балалар, өлеңде не туралы жазылған?<br>Сұрақ арқылы балалардың жауап беруіне мүмкіндік жасау. | (көңілді, көңілсіз, сабырлы) күндер |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыка тыңдау:** «Сәби қуанышы» (Е. Хасанғалиев)<br>– Балалар, музыка көңілді ме, көңілсіз бе? Бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болады?<br>Шығарманың көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытады.<br>**Ән айту.** «Топ-топ, балақан» (М. Арынбаев, А. Асылбек)<br>Ән айту кезінде иықты көтермей, денені тік ұстап айтуға дайындандыру. Алдымен мәтінін үйреніп, әуенді анық айтуға үйрету. Әннің сипаты, мазмұны туралы түсіндіру. Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі ҰІЭ-те жалғастыру. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**«Достастық» беларус халық әуені.<br>Би сипатын сезіне орындауға үйрету. Жетекшінің көрсетуімен би қимылдарын қайталауға, бірге жасауға үйрету.<br>**Муз-дидактикалық ойын:** «Үш күн»<br>Шарты:Әр балаға әуеннің көңіл күйін білдіретін үш түрлі (көңілді, көңілсіз, сабырлы) күндер беріледі.Музыка жетекшісі музыкалық шығарманы ойнайды. Балалар әуеннің көңіл күйіне сай күнді жоғары көтереді. Егер де балаға музыкалық шығарма таныс болса, ол бала шығарманы атын атайды. | |
| **IV. Рефлексия** | Балаларды мадақтайды. Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетте оларға не ұнағанын, не қызықты болғанын айтуды ұсынады. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка

**Қыркүйек айы.**

| | | |
|---|---|---|
| ***Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:*** | *«Менің добым» әні* | |
| ***Күні:*** *20.09.2022ж – 27.09.2022ж* | *2 сағат (Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі ҰІӘ-те жалғастыру)* | |
| ***ТОП:*** | ***Ортаңғы топ*** | |
| ***Міндеттері*** | *Музыканың сипатын түсінуге, әннің сипатын жеткізуге (көңілді, созып, ойнақы айту) үйрету.Шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.* | |
| ***Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br><br>***II. Ұйымдастыру*** | *Балаларды көңілді қарсы алады. Шеңбер бойымен музыкаға ілесіп жеңіл жүгіруді ұсынады. «Жүгіреміз» музыкасы.*<br>*«Миға шабуыл» әдісі Жұмбақ шешу:*<br>*Шіркіннің өзіне обал-ақ,*<br>*Жүреді аяқта домалап бұл не балалар? (Доп)* | *Доптар,3 түсті шарлар* |
| ***III. Тақырып бойынша жұмыс*** | ***Музыка тыңдау:*** *«Құлыншақ» (Қ. Шілдебаев, И. Сапарбай)*<br>*Әнді тыңдап, сипатына, екпініне мән беруге, мазмұнын түсінуге үйрету. Эмоциялық көңіл күйлерін, қызығушылықтарын ояту.*<br>***Ән айту:*** *«Доп» (Б. Қыдырбек, А. Асылбек). Әнді орындап, мәтіні туралы әңгімелеу. Екінші ретінде әннің әуеніне қосылып айтуға, сөздерін таза айтуға үйрету. Ән айту ережелерін еске салу.*<br>***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:*** *«Доптармен жаттығулар» (Г. Фрид) (жетекшінің көрсетуімен). Ырғақты сезіне, допты қолдана көрсетілген би қимылдарын қайталау.*<br>***«Өз түсіңді тап»*** *ойыны.*<br>***Шарты:*** *3 топқа бөлініп, 3 түрлі шарлар ұстайды. Ортаға шарлардың түстеріне сәйкес түске боялған құрсаулар қойылады. Музыка ойналғанда балалар жеңіл жүгіреді, аяқталғанда әрқайсысы шарларының түстеріне сәйкес құрсауға жиналуы қажет.* | |
| ***IV. Рефлексия*** | *Балаларды мадақтайды. Қандай ойын сендерге ұнады?*<br>*Алдағы уақытта қандай музыкалық көңілді ойындар ойнағыларың келеді? (бала үні)* | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** *Музыка* **Қазан айы.**

| | |
|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:** *«Көңілді аңдар» биі* | |
| **Күні:** *04.10.2022ж – 11.10.2022ж* | *2 сағат ( 2-ші бөлімінде әуенге сай қимылын көрсетуді, шапшаң қимылдауды үйретуді жалғастыру)* |
| **ТОП:** | **Ортаңғы топ** |
| **Міндеттері** | *Ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді.т.б.* |

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | *Музыка залына көңілді музыка әуенімен қарсы алу.*<br>*«**Миға шабуыл**» әдісі: Жұмбақ шешу:*<br>*Балаларды жұмбақты шешіп, жануардың суретін табуды (немесе ойыншықты) табуды ұсынады.*<br>*Жазда сұр, қыста ақ. (Қоян)*<br>*Өзі шапақ, өзі қу.*<br>*Жүрген жері айқай-шу. (Түлкі)*<br>*Жеміс-жидек жегенім,*<br>*Балды жақсы көремін.(Аю)* | *Аңдардың суреті,қоянның бетперделері.Сәбіз* |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | *- Менің қолымдағы әдемі қорапшаны көрдіңдер ме, қарайықшы, оның ішінде не бар екен? - Мына керемтті қараңдар. Айару бізге қоянның, түлкі мен аюдың киімдерін жіберіпті. Ендеше, ертегі кейіпкерлеріне айналып, олардың қимыл-әрекеттерін салып көрейік.*<br>**Ойын: «Олар қалай жүреді?»**<br>*Шарты:Балалар музыка ырғағымен шеңбер құрып жүреді. Жетекші аюдың суретін көрсетсе аюдың жүрісін, қоянды көрсетсе қоянның жүрісін, түлкіні көрсетсе түлкінің жүрісін салып жүреді. Жетекші бірте-бірте әуен ырғағына жылдамдық қосып отырады.Балалар түлкі жылмаңдап болып жүреді, қоян болып секіреді, аюдың қорбаңдаған жүрісін салады.*<br>***«Аңдар» биі. Bilimland Kids***<br>*Жетекшінің көрсетуімен әуенмен бірге ырғақты сезіне, би қозғалыстарының қарапайым элементтерін жасай алады.*<br>***«Аңшы мен қояндар» ойыны***<br>***Шарты:****Бір - бір сәбіз ұстаған қояндар музыкамен жерге жатып аунап, аяқтарын тыпырлатып немесе би қимылдарын жасап секіреді. Сәбіз ұрлап жатқан қояндарды аңшы көріп қалып. «Пух! Пух!» - деп атады. Қояндар орындарынан тұрып, жан - жаққа қашады. Музыка тоқтағанда тырп етпей отыра, не жата қалады. Қозғалған қоян айыпты болып, ән немесе би билейді.* | |
| **IV. Рефлексия** | *Бағалау «Бас бармақ» әдісі* | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** *Музыка* **Қазан айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:** *«Күз келді» әні* | | |
| **Күні:** *18.10.2022ж – 01.11.2022ж* | *2 сағат* *(Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі ҮІӘ-те жалғастыру)* | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы топ** | |
| **Міндеттері** | *Ре (ми) – ля (си) диапазонында ән айту дағдыларын дамыту. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтауға үйрету.* | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | *Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; суреттер көрсету арқылы табиғат құбылыстары туралы әңгімелеу.*<br>***«Жемістер мен көкөністер»***<br>***Шарты:****Музыка әуенінің ауысымына қарай жемістер мен көкөністердің бетпердесін киген балалар шеңбер бойымен билеп жүреді. Музыка әуені тоқтағанда жемістер, көкөністер болып екі топқа бөлініп тұра қалады.* | ***Жапырақтар, жемістер мен көкөністердің бетпердесі.*** |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | ***Музыка тыңдау:*** *«Күз – жомарт» (Д. Ботбаев, Е. Өтетілеуұлы)*<br>*Түрлі сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін тыңдау.*<br>***Ән айту:*** *«Күз келді» (А. Досмағамбетова) әнін педагог орындап, әннің мазмұны, сипаты туралы түсіндіреді. Екінші рет орындап, ән әуеніне «ре (ми)- ля (си)» буынымен қосуды және ересектермен бірге айтуды ұсынады.*<br>***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:*** *«Күзгі жапырақтар биі» («Вальс» А. Аренский)*<br>*Балаларға түрлі түсті жапырақтар таратылады. Әуен ырғағына сәйкес би қимылдарын көрсетіп, қайталауды ұсынады.*<br>***«Жапырақтардың түсін ажырат» қимылды ойыны***<br>*Шарты: (сары, қызыл, жасыл, қызғылт сары). Әуен ойналып, әртүрлі түстегі жапырақтарды сол түске сәйкес қойылған құрсауларға ептілікпен, шапшаңдықпен жинау. Әуенді музыка жетекшісінің таңдауымен.* | |
| **IV. Рефлексия** | *Бағалау: «Үш шапалақ» әдісі* | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка **Қараша айы.**

| | | |
|---|---|---|
| ***Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:*** *Қоңырау, сылдырмақ, маракас аспаптары* | | |
| ***Күні:*** *08.11.2022ж – 15.11.2022ж* | *2 сағат* | |
| ***ТОП*** | ***Ортаңғы топ*** | |
| ***Міндеттері*** | *Музыкалық қоңырау, сылдырмақ, маракас аспаптарымен және аспаптардың дыбысталуымен таныстыру.*<br>*Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау,қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.* | |
| ***Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br><br>***II. Ұйымдастыру*** | *Көңілді таныс әуен екпінімен шеңбер бойымен жүру, жүгіру, жеңіл секіру, қол ұстасып айналу қимылдарын жасау.*<br>***ПЖО «Көңілді сылдырмақтар»***<br>*Қолымызда сылдырмақ,*<br>*Сылдыр-сылдыр етеді.*<br>*Аяғымыз топылдап,*<br>*Өзі билеп кетеді.* | *Қоңырау, сылдырмақ, маракасаспаптары* |
| ***III. Тақырып бойынша жұмыс*** | *Balapan TV арнасынан сәби: «Аспаптар» қарату.*<br>*Музыкалық аспаптармен танысу және дауыстарын ажырату.*<br>***Музыкалық – дидактикалық ойын:*** *«Сылдырмақ, қоңырау және маракас»*<br>*Шарты: Сылдырмақтың дыбысына балалар шеңбермен аяқтың ұшымен жүреді. Қоңырау дауысы естілгенде қол шапалақтайды. Маракас үнін естігенде аяқпен топылдатады. Ойын бірнеше рет қайталану арқылы аспап үндері балалардың есінде сақталады.*<br>***Ән айту:*** *«Сылдырмақ» (А. Тоқсанбаев, И. Сапарбай) Жаңа әнді музыка жетекшісі орындап береді. Аспаптың сүйемелдеуімен ән әуенін бірге қосыла орындауын қадағалау. Әннің 1-шумағының сөзін үйретіп, екі қатардан әнге қосады.*<br>***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:*** *«Сылдырмақпен ойын» (Б. Дәлденбай). Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, қолдарына сылдырмақтар беріледі. Музыка ырғағына сай сылдырмақты сылдыратып, әуен дауысы бәсеңдегенде арттарына жасырып, шеңбер бойымен ақырын басып жүреді. Музыка аяқталғанда аяқ бүгіп отыра қалу.* | |
| ***IV. Рефлексия*** | *Бағалау: смайликтер арқылы* | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка **Қараша айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:«Пойыз» әні** | | |
| **Күні:** 22.11.2022ж – 29.11.2022ж | 2 сағат (Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі ҰІӘ-те жалғастыру) | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы топ** | |
| **Міндеттері** | Музыканың сипатын түсінуге, түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл –күйін қабылдай білуді қалыптастыру. Таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. | |
| | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**ІІ. Ұйымдастыру** | Көңілді таныс әуен екпінімен шеңбер бойымен жүру, жүгіру, жеңіл секіру, қол ұстасып айналу қимылдарын жасау.<br>**Ғажайып сәт:** «Үнтаспадан пойыз дауысы естіледі»<br>Музыка жетекшісі паровозды бейнелеп, өзі балалар қатарының алдына келіп тұрады.<br>-Біздің пойызымыз қандай ұзын!пойызымызға көп вагондар тіркелінті. Кәне,пойыздың дөңгелектері қалай айналады, көрсетіңдерші.Балалар қолдарын бүгіп, алға-артқа қозғалтып «Гу-гу-гу» деп дыбыс шығарады.<br>**Музыкалық қимылды ойын:** «Остановками чух,чух-таки, таки» | ҰІӘ-ке қажетті әуендер жинағы. |
| **ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс** | **Ән айту:** «Пойыз» Ж.Смақов.<br>Кәне, кімнің бойы ұзын?<br>Паровозы ол пойыздың.<br>Қатар-қатар тұрайық,<br>Пойызды біз құрайық,<br>Ал, паровоз, баста алға,<br>Бәрімізді бастап да.<br>Пш-пш, пш-пш,біз кеттік,<br>Жүрісті тым үдеттік.<br>Әнді орындап беріп, мәтіні туралы әңгімелеу. Екінші рет орындалғанда әннің әуеніне қосылып айтуға үйрету. 1-шумақ сөздерін қайталату.<br>**Музыкалық қимылды ойын:** «Жұптасу»<br>Шарты: Балалар ортаға үлкен шеңбер ішіне жиналады. Барлығы көңілді әуенге би билейді. Әуен тоқтаған сәтте жұптасып тұра қалулары қажет.Жетекші әуен тоқтар алдында нешеуден жұптасу керегін айтып тұрады. (екі, үш, төрт) | |
| **IV. Рефлексия** | Бағалау: «Ұш шапалақ» әдісі | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка **Желтоқсан айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:**«Торғай» әні | | |
| **Күні:** 06.12.2022ж – 13.12.2022ж | 2 сағат (Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі ҰІӘ-те жалғастыру) | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы топ** | |
| **Міндеттері** | Музыкалық жанр марш әуеніне сай қимылдар жасату.Музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.Аспаптың сүйемелдеуіне ілесе отырып бірге ән айту. | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | Таныс марш әуені ойналып, балаларға ырғақпен нық басып жүруді ұсынады.<br>Нық басып келеміз! Бір, екі, үш!<br>Көңілді жүреміз! Бір, екі, үш!<br>**(Үнтаспадан торғайлар дауысы естіледі).**<br>Шиқ-шиқ етіп дыбыстайды,<br>Ешбір құстан қалыспайды.<br>Тұмсығымен жер шоқып,<br>Тары, бидай тереді. | ҰІӘ-ке қажетті әуендер жиыны.<br>Ойыншық мысық. |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыка тыңдау:** «Құстар әні » (Н. Тілендиев).<br>Аспапта орындалған шығарманы тыңдап, сипатын анықтайды.<br>**Ән айту**: «Торғай» (А. Райымқұлова) әні орындалып, тыңдалады. Әнді қайталап айтып, балаларға мәтінге сай өз беттерінше қимылмен көрсетулерін сұрайды. Келесі кезекте балаларға торғай атрибуттары кигізіледі.<br>**«Мысық пен торғайлар»** ойыны («Құстар» Л. Банников)<br>Әуенінің ырғағымен ілесе қолдарын созып, «ұшуларын» сұрайды. Үйшік шатырында отырған ойыншық мысықты көрсетіп: Ала мысық тырылдап, жалықпайды, ұйықтайды, Торғайды аңдып шатырдан күні бойы шықпайды. Мияу-мияу... – деп балаларды – «торғайларды» сақтандырады. Ойын барысында торғайлардың мысықтан қашып, «сымдарға» – ұзын жіпке тізіліп, қонып үлгерулерін қадағалайды. | |
| **IV. Рефлексия** | Балалар, топта тәрбиешімен бірге торғайға ұя жасап берейік. Балаларға бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, мадақтайды. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка **Желтоқсан айы.**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:**«Шырша» биі

**Күні:** 20.12.2022ж – 27.12.2022ж | 2 сағат

| | | |
|---|---|---|
| **ТОП:** | **Ортаңғы топ** | |
| **Міндеттері** | Музыкалық шығарманың көңіл – күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету.Заттармен музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бірбірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. | |
| | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | Үнтаспада «Жаңа жыл» (Б. Бейсенова) әні орындалып, балаларды қарсы алу. Көңілді серуенге шақырып, қол ұстасып жүрулерін сұрайды. Әннің 1-ші шумағында қол ұстасып, зал ішінде еркін жүрулерін қадағалайды. Қайырмасында бір орында тұрып, қол шапалақтайды.<br>2-ші шумағында ойыншық шырша айналасында шеңбер бойымен қол ұстаса айналу қимылдарын үйрету. | ҮЙӘ-ке қажетті әуендер жиыны |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | Музыка тыңдау: «Жасыл шырша жанында» (Д.Байтлеуов,Ә.Асылбеков)<br>Ересектердің орындауындағы әнді тыңдап, сезіне білуге үйрету. Әннің мәтінін түсіндіріп, сипаты туралы әңгімелеу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Шырша» биі (Бақыт Қасымбекова)<br>Балалар шырша болып киініп, жетекшінің көрсетуімен мәнерлі би қимылдарын жасайды.<br>Бірінің артынан бірі жүру барысында ырғақты және музыканың сипатын игере мәнерлі орындауға үйрету.<br>**«Қар астындағы қызықтар» ойыны**<br>Шарты: музыка залына бала санына қарай қатты картоннан қиылған қар кесектері тасталынады. Балалар әуен ырғағымен қардан-қарға секіріп ойнап жүреді. Әуен тоқтағанда қай қардың үстінде тоқтайды сол қарды алып артында жасырынған аспап суретін атауы қажет. | қатты картоннан қиылған қар кесектері |
| **IV. Рефлексия** | Бағалау: «Қол сигналы» әдісі<br>Сендерге ойындар ұнады ма?<br>Алдағы уақытта қандай ойындар ойнауды қалайсыңдар? (Бала үні) | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** *Музыка* **Қаңтар айы.**

| **Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:** «Аққала» әні | | |
|---|---|---|
| **Күні:** | 2 сағат | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы топ** | |
| **Міндеттері** | Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтуға баулу;<br>-Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына мүмкіндік беру; | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**ІІ. Ұйымдастыру** | Үнтаспада «Жаңа жыл» (Б. Бейсенова) әні орындалып, балаларды қарсы алу.<br>**«Миға шабуыл» әдісі**<br>Жұмбақ: Сәбіз мұрын кімде бар,<br>Шелек киген басына,<br>Айтыңдаршы, балалар.<br>Соңымен ол кім екен? (Аққала). Аққаланың, балалардың қысқы ойынын бейнелеген суреттер көрсету, әңгімелеу. Аққаланың қардан жасалатынын түсіндіру. | ҮЮ-ке қажетті әуендер жиыны, балалардың қысқы ойынын бейнелеген суреттер. |
| **ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыка тыңдау:** «Ақша қар» әні (К. Қуатбаев, Қ. Ыдырысов)<br>Көңілді сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ән айту:** «Аққала» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев)<br>Әнді орындап, мәтіні туралы әңгімелеу. Екінші ретінде әннің әуеніне қосылып айтуға, сөздерін таза айтуға үйрету.Бір қалыпты қарқынмен ән сипатына сай орындауға баулу. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтуға баулу;<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Полька» (В. Косенко)<br>Балалар әуеннің 1-бөлімінде шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді, 2-бөлімінде жұптасып, қол ұстасып айналады.<br>**«Сиқырлы таяқша» ойыны.** Таныс көңілді әуен ырғағына өз еріктерінше би қимылдарын жасайды. Әуен тоқтағанда, «сиқырлы таяқшадан» қашып, «үйшік»-құрсауларға кіріп үлгеру. Ойын 2-3 рет қайталанады. | |
| **IV. Рефлексия** | - Балалар, қандай ойын ойнадық? – Бүгінгі үйренген әніміз қалай аталады? Ата-анасының көмегімен аққаланың суретін салып келуді ұсыну. Бүгінгі күннің өте көңілді болғанын айтып, көңілді қоштасып шығарып салу. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** *Музыка* **Қаңтар айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:** | *Сыбызғы,металлафон,барбан аспаптары* | |
| **Күні:** | *2 сағат* | |
| **ТОП** | **Ортаңғы топ** | |
| **Міндеттері** | *- Музыка тыңдауда әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге үйрету;*<br>*Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.* | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br><br><br>***II. Ұйымдастыру*** | *Көңілді таныс әуен екпінімен шеңбер бойымен жүру, жүгіру, жеңіл секіру, қол ұстасып айналу қимылдарын жасау.*<br>***ПЖО:«Көңілді музыканттар»***<br>***Шарты:*** *Аспаптардың үнін әндете отырып, ұстау ,ойнау ерекшелігін көрсету керек.*<br>*1.Сыбызғыны үрлейміз,*<br>*Жалқаулықты білмейміз.*<br>*Ду-ду-ду.*<br><br>*Металлафонда ойнаймыз,*<br>*Балғаларын аламыз*<br>*Бір,екі,үш қағамыз.*<br>*2.Трам-та соқса барабан,*<br>*Қызыға жұрт қараған.*<br>*Трам-та-та.*<br><br> | *Сыбызғы, металлафон, барбанаспаптары* |
| ***III. Тақырып бойынша жұмыс*** | *Balapan TV арнасынан сәби: «Аспаптар» қарату.*<br>*Музыкалық аспаптармен танысу және дауыстарын ажырату.*<br>***Музыка тыңдау:*** *«Көңілді оркестр» (Муканова Сайра Жүндібайқызы)*<br>*Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.*<br>***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:*** *«Қар астындағы қызықтар»*<br>*Шарты:Музыка залына бала санына қарай қатты картоннан қиылған қар кесектері тасталынады. Балалар әуен ырғағымен қардан-қарға секіріп ойнап жүреді. Әуен тоқтағанда қай қардың үстінде тоқтайды сол қарды алып артында жасырынған аспап суретін атауы қажет.*<br>***«Аспапты үнінен тап» ойыны.***<br>***Шарты:*** *Балалар шеңбер бойымен отырады. Музыка жетекшісі бір баланы шымылдықтың артына жіберіп, ойын шартын түсіндіреді.Шымылдықтың артындағы бала өзіне ұнаған аспабын ойнайды. Шеңбер бойымен отырған балалар аспапты үнінен танып, атауы тиіс.* | |
| ***IV. Рефлексия*** | *Бағалау: смайликтер арқылы* | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка **Ақпан айы.**

| **Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:** | «Ақ қоян» әні | |
|---|---|---|
| **Күні:** | 2 сағат | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы топ** | |
| **Міндеттері** | Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру;<br>Ән айтуда әннің сөзін түсініп орындауға, көңіл-күйін жеткізе білуге үйрету; | |
| | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс эерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | Көңілді әуен ойналып, балаларды көңілді қарсы алу.<br>Үнтаспада пойыз дауысы естіледі. Пойызға біз барайық, Вагоннан орын алайық, – деп, «вагондарға» – тізбектелген орындықтарға жайғасып отыру.<br>Ал паровоз бастайды,<br>Пыш-пыш, пух-пух,<br>Ән айтып біз қостайық. Әуен аяқталысымен балалар «көңілді пойыздан» түсіп, қысқы орманда «қыдырады». «Орманда» жүріп, «қар үйіндісінің» жанында тығылып отырған қоянға кездеседі. Музыка жетекшісі ойыншық қоянды көріп, таңғалған кейіп танытады. – Балалар, қараңдаршы, мынау тығылып отырған аңды танисыңдар ма?<br>Ақ қоян-ау, ақ қоян,<br>Ұзын құлақ сақ қоян,<br>Ақ қоян-ау, ақ қоян,<br>Жүйрік қоян, сақ қоян. | ҰІӘ-ке қажетті әуендер жиыны.<br>Алдын-ала дайындалған қысқы орман |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | – Балалар, ақ қоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік, – деп ұсыныс айтады.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Қояндар биі»<br>Жетекші балаларға әуенге ілесе өз еріктерінше қимыл-қозғалыстар жасауды, жеңіл секіруді ұсынады.<br>**Музыка тыңдау:** «Қояндар» (Е. Тиличеева). Пьесаны тыңдап, сипатына көңіл аудару. Көңілді, ойнақы әуенге эмоциялық көңіл күй танытуларын қадағалау.<br>**Ән айту:** «Ақ қоян» әнін (Б. Аманжол, Н. Жанаев) екінші рет орындағанда, балалардың мәтінге сай қимылдарды көрсетуін сұрайды. Әннің 1-шумағын қайталап, сөздерін анық айтуға үйрету. Әуенге ілесе бірге орындауын бақылау. | |
| **IV. Рефлексия** | Бағалау: «Үш шапалақ» | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

***Ұйымдастырылған іс-әрекет:*** *Музыка* ***Ақпан айы.***

| | | |
|---|---|---|
| ***Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:*** *«Ақшақарлар» биі* | | |
| ***Күні:*** | *2 сағат* | |
| ***ТОП:*** | ***Ортаңғы топ*** | |
| ***Міндеттері*** | *-Балалардың таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру;*<br>*-Металлафон аспабында (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.* | |
| ***Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату*** | *Көңілді әуен ойналып, балаларды көңілді қарсы алу.*<br>*«Қар лақтыру» ойыны. Көңілді әуен ойналғанда шапшаңдықпен «қар лақтырысу», әуен тоқтағанда шапшаңдықпен «қарларды» жинау, безендірілген қорапшаларға салу* | *ҮІӘ-ке қажетті әуендер жиыны* |
| ***II. Ұйымдастыру***<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс*** | ***«Ақшақарлар» биі*** *. Әуенмен бірге ырғақты сезіне өздеріне таныс би қозғалыстарының қарапайым элементтерін және ырғағы мен мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыс жасау.*<br>***«Музыкалық лото» ойыны***<br>*Міндеті: Металлафон аспабында (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеру.*<br>***Шарты:*** *Бір бала металлафонда дыбыстарды соғады. Ал, балалар естіген дыбыстарды нота жолына орналастырады. Соғылған дыбыс жуан болса төменгі жолға, жіңішке болса жоғарғы сызықтарға қояды*<br><br><br>***«Бізге келген қонақтар» ойыны***<br>***Шарты:*** *Алдын ала бір бала шымылдықтың артына барып,аюдың немесе құстың бет пердесін киеді. Ал 3-4 бала аспаптарды алдына қойып, келген қонақтың мінезіне сай, аспапты соғады. Аю келсе- барабан аспабы, қоян келсе- металафон аспабы, торғай келсе- сылдырмақ, бубен аспаптары соғылады.* | *Металлафон*<br>*Ақ қағаздан жасалған қарлар.* |
| ***IV. Рефлексия*** | *-Алдағы уақытта таныс қандай би билегілерің келеді? (Бала үні) Сұрақ-жауап.* | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** *Музыка* **Наурыз айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:** *«Ақ әжем» әні* | | |
| **Күні:** | *2 сағат* | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы топ** | |
| **Міндеттері** | *-Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету;<br>-Жеке және топпен ән орындауда дауыс диапазонын жетілдіру;* | |

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату** | *Үнтаспада күй (педагогтің таңдауымен) ойналып, балалар көңілді кіреді.<br>Әуен қарқынының өзгеруіне байланысты бірінің артынан бірі жүріп, тыныс би қимылдарын орындайды.* | *ҮІӘ-ке қажетті әуендер жиыны* |
| **II. Ұйымдастыру**<br><br>**III. Тақырып бойынша жұмыс** | *Ортаға «әже» келеді, амандасады. Балалар әженің айналасына дөңгелене отырады. Бесікке салу дәстүрін көрсетуді ұсынады. Әже бесіктің пайдасы туралы әңгімелейді. Қуыршақты бесікке жатқызады, бесікке бөлеуді көрсетеді<br>. Әже: Әлди-әлди, бөпешім,<br>Ақ бесікке бөледім,<br>Ай мен күнге теңедім,<br>Әлди-әлди, жанарым.*<br>***Музыка тыңдау:** «Әй-әй бөпем» (халық әні, Қ. Шілдебаев) Ақырын дауыста бесік жыры орындалады, әже бесікті тербетеді. Балалардан тыныштық сақтауын ескертеді. Сабырлы әуенді тыңдап, сипатын ажыратуға баулу.*<br>***Ән айту: «Ақ әжем»** (К. Куатбаев, О. Әубәкіров) Педагог әнді айтып береді. Балаларға алдымен мәтінін қайталатып, әуенмен қосып үйретеді. Әжелерді сыйлап, құрметтеу қажеттігін түсіндіру.<br>Жеке және топпен ән орындауда дауыс диапазонын жетілдіу.*<br>***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**: **«Соқыр теке»***<br>***Шарты:** Бір баланы соқыр теке ретінде алып қалып, қалған балаларға музыкалық аспаптардың суреті бейнеленген кароналар кигізіледі. Барлығы қолдарынан ұстап шеңбер бойымен көзі байланған баланы әндете айналып жүреді. Көзі байланған бала кімді ұстап алса, сол баланың басындағы аспапты атап, ойнауын көрсетеді.* | *Бесік жабдықтары, қуыршақ* |
| **IV. Рефлексия** | *Балаларды мақтайды. Бағалау: «Бас бармақ» әдісі. Сендерге қай ойын ұнады? Неліктен ол ойын ұнады?* | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка **Наурыз айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:** «Көкпар» биі | | |
| **Күні:** | 2 сағат | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы топ** | |
| **Міндеттері** | Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау; -Қазақ халқының сыбызғы аспабының үнін тану, басқа аспаптардан ажырата білу. | |
| | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату** | Педагог балаларды көңілді қарсы алады. Үнтаспадан «Хош келдің, тербет, Наурызым!» (Б. Бейсенова) әні орындалады. Балалар ересектердің көмегімен екеуден қол ұстасып, шеңбер бойымен жүреді, қол шапалақтайды, бір орында тұрып тербеледі, айналады. | ҮІЭ-ке қажетті әуендер жинағы, қамшы |
| **II. Ұйымдастыру**<br><br>**III. Тақырып бойынша жұмыс** | **Ұлттық би: «Көкпар» таныстыру.**<br>1.Әннің басталуымен, ер балалар қамшыны алып қатарға тұрады,қыз балалар төрде қолдарын бүгіп, би ырғақтарымен қимылдар жасайды. 2.Негізгі шумақ басталғанда, ер балаларсолға қарай оң аяқ тізесін бүгіп отырады.Қыздар оң аяқтарының тізесін солға қарай бұрып, қолдарын алға созып білезіктерін түйістіреді. 3.Түзу тұрып, қамшыны жоғары көтереді, қыздар орындарында тұрып, қолдарын екі жанына жаяды. 4. Оңға қарай бұрылып, тізе бүгіп еңкейіп отырады.Қыздар оңға қарай тізелерімен бұрылып бүгіп, қол білезіктерін түйістіреді. 5. Бәрі түзу тұрады.6.Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету. Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау.<br>**Balapan TV арнасынан сәби**: «Аспаптар» қарату.<br>Қазақ халқының сыбызғы аспабының үнін тану, басқа аспаптардан ажырата білуге үйрету.<br>**«Сыбызғы не дейді?»ойыны**<br>Шарты: Жетекші сыбызғы аспабын алып әуендетеді «Сыбызғы не дейді?» деген сұрақ қояды. Сыбызғы жіңішке ырғақпен дыбысталса қол шапалақтайды, қаттырақ ырғақпен дыбысталса орындарынан тұрып әрі-бері аяқ ұшымен жүгіреді, жетекші қолымен үстел үстін тоқылдатса орындарына отыра қалып аяқпен топылдатады.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыс ойыны: «Екпін түрлері»**<br>Балалардың қолына сары және көк түсті жалаушалар беріледі. Жетекші марш екпініндегі әуен ойнағанда балалар сары түсті көтеріп марш екпінінде жүреді, ал вальс екпініндегі әуен ойнағанда көк түсті көтеріп, жұптасып билейді. | |
| **IV. Рефлексия** | Бағалау «Үш шапалақ әдісі» | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** *Музыка* **Сәуір айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:** *«Көктем» әні* | | |
| **Күні:** | *2 сағат* | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы топ** | |
| **Міндеттері** | *-Ересектердің орындауындағы және аудио-бейне жазбадан музыка тыңдауға үйрету;*<br>*-Ән айтуда , қарқынды ән орындауда бір-бірін тыңдап, естіп орындауға дағдыландыру;* | |

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br><br><br>**II. Ұйымдастыру** | *Балаларды қарсы алып, көңілді серуенге шақырады, таныс әуен ырғағымен («Марш» Е. Брусиловский) ілесе адымдап, нық басып жүруді ұсынады.*<br>*Біз адымдап жүреміз!*<br>*Бір, екі, үш!*<br>*Серуендеп келеміз! Бір, екі, үш! Балалардың қосылуын сұрайды.* | *ҮҮӨ-ке қажетті әуендер жиыны* |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | ***Суреттер көрсетіліп**, көктем мезгілі туралы әңгімелеу. – Балалар, қараңдаршы, қандай әдемі гүлдер! Балалардың назарын алдын ала дайындалған гүлдерге аударады. Көктем қандай тамаша! Алуан гүлдер тұр тұнып, Демалайық отырып, – деп, демалуға отырады.*<br>***Музыка тыңдау**: Үнтаспадан құстардың дауысын тыңдау. – Балалар, дауысты естіп тұрсыңдар ма? – Құстар қалай дыбыстайды екен? – Қандай құстарды білесіңдер? (Құстардың суретін көрсету).*<br>*– Құстар қалай ұшады?*<br>***Ән айту:** «Көктем» (Ересектердің орындауындағы аудио-бейне жазбада) әнінің 1-шумағын орындап береді. Әнді екінші рет орындағанда балаларға жетекші мәтінге сай қимылдарды көрсетеді.*<br>***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:***<br>*Қандай қызық көктемде, Күн шуағын төккенде,*<br>*Гүл терейік алуан, Шығып алып бөктерге! – деп, гүлдер алуды ұсынады.*<br>***«Гүлдермен би»** (Т. Вилькорейская) (қайталау) қимылдарын көрсетіп, балаларды биге машықтандырады.*<br>***«Балалар мен жаңбыр» ойыны** «Жаңбыр» жауғанда «тамшылар» тақиашаларын алып, жетекші балаларды айнала жеңіл жүгіреді. Балалар қолшатыр астына жасырынады.*<br>*Бәрі: Жаңбыр, жаңбыр, тық-тық! Болсын егін көп-көп! Көңілді полька ойналады. Күннің көзі ашылды, Алтын нұры шашылды! – деп зал ортасында көңілді секіріп, өз еріктерінше билейді. Ойын 2-3 рет қайталанады.* | *Құстардың суреті* |
| **IV. Рефлексия** | *Балаларды мақтайды. Смайлик арқылы бағалау.* | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** *Музыка* **Сәуір айы.**

| | | |
|---|---|---|
| ***Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:*** *«Әдемі көбелектер» би* | | |
| ***Күні:*** | *2 сағат* | |
| ***ТОП:*** | ***Ортаңғы топ*** | |
| ***Міндеттері*** | *- Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау;*<br>*-Балалар музыкалық аспаптарын ойындарда, қарапайым ырғақ соғуда қолдану.* | |

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы**

| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
|---|---|---|
| ***I. Дұрыс жерлі көңіл күй орнату*** | *Зал ішіне гүлдер қойылып, «гүл алаңы» жасалады. Балаларға гүлдер алып, би билеуді ұсынады. «Гүлдермен би» Әуен ырғағын тыңдап, жеңіл, еркін қимылдауларын қадағалайды.* | ***ҮІӘ-ке қажетті әуендер жиыны*** |
| ***II. Ұйымдастыру***<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс*** | *Музыка жетекшісі сымға қондырылған көбелекті «ұшырып» әкеледі. Үнтаспада көңілді әуен ойналып, көбелек сымын ырғақпен қозғайды.*<br>*Көктем қандай көрікті,*<br>*Балақайлар көрінті. Дала гүлге толыпты,*<br>*Көбелек гүлге қоныпты! – деп, көбелекті гүлдерге қондырады.*<br>*– Балалар, көбелектер қалай ұшады? Олардың қанаттары қалай созылады екен? – Ал енді көбелектер сияқты би билеп үйренейік.*<br>***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Көбелек»*** *(«Билеп үйренейік» жинағынан).*<br>*Әуенге ілесе би қимылдарының мәнерлі, жеңіл орындауын қадағалау.*<br>***«Гүлзардағы көбелектер»*** *ойыны (музыкасы жетекшінің таңдауымен).*<br>*Көбелек-ау, көбелек,*<br>*Ұшасың сен көлбеңдеп.*<br>*Қызыл, жасыл керемет, Гүлге қоншы, көбелек! – деп балаларды ойынға шақырады. «Көңілді әуен» ойналып, ырғақпен жеңіл қозғалуларын бақылайды. Әуен тоқтағанда көбелектер гүлдерге «қонады». Балалардың қызығушылығын арттыруға ықпал ету. Ойын қайталанғанда, өз еріктерімен ойнауға мүмкіндік береді.*<br>***«Музыканттар тобы»*** *ойыны*<br>*Шарты:Балалар екі топқа бөлінеді. Кезекпен жүгіріп келіп мәредегі аспапты ойнап (үрлеп, ұрып,сілкіп) келесі баланың қолын барып ұрады, сол бала мәреге жүгіріп келіп келесі аспапты ойнап кетеді. Ойын осылай жалғасып қай топ бірінші аяқтаса сол топ музыканттар тобы аталады.* | ***Аспаптар*** |
| ***IV. Рефлексия*** | *Балаларға смайликтер таратылады. Смайликтерді көрсету арқылы ҮІӘ қорытындылайды.* | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** *Музыка* *Мамыр айы.*

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:** | *Аспаптар (Сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас, барабан)* | |
| **Күні:** | *2 сағат (Музыкалық аспаптарды тану және атауды жалғастыру)* | |
| **ТОП:** | *Ортаңғы топ* | |
| **Міндеттері** | *- Музыка тыңдауда балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету, оларды атай білу; -Ән айтуда негізгі ережелерді: бірге орындаушыларды, аспаптың сүйемелдеуін, сөздің мағынасын, әннің көңіл-күйін есте ұстап орындауға дағдыландыру;* | |
| | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | *Музыка залына көңілді музыка әуенімен қарсы алу.*<br>*Музыка жетекшісі қолына сылдырмақ алып балалармен бірге төмендегі өлең жолдарын қайталайды.*<br>*Қолымызда сылдырмақ,*<br>*Сылдыр-сылдыр етеді.*<br>*Аңғымыз топылдап, Өзі билеп кетеді.*<br>*Музыка жетекшісі балаларға «Музыкалық аспаптар» дүкеніне баратындығы туралы айтады.*<br>*Балалар қуанады.* | *Алдын-ала дайындалған «Музыкалық аспаптар» дүкені* |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | *«Музыкалық аспаптар дүкені» ойыны (Муз-дидактикалық ойындар жинағынан). Музыкалық аспаптармен танысу және дауыстарын ажырату.*<br>*Balapan TV арнасынан сәби: «Аспаптар» қарату.*<br>***Ән айту**: «Көңілді оркестр» Муканова Сайра Жундибайқызы.*<br>*Аспаптардың сүйемелдеуін, сөздің мағынасын, әннің көңіл-күйін есте ұстап орындауға дағдыландыру.*<br>***Музыкалық – ырғақтық қимылды ойын: «Сиқырлы текше»***<br>***Шарты:** Көңілді әуен ойналады.Жетекші және балалар шеңберге тұрады.*<br>*Текшені бір біріне беріп, тақпақ айтады.*<br>– *Біз көңілді баламыз.*<br>– *Әсем әнге саламыз.*<br>– *Ойын ойнап бастаймыз,*<br>– *Қиындықтан қашпаймыз.*<br>*Қай баланың қолында текше қалып қойса, сол бала текшені ортаға лақтырады. Жетекші текшеде қандай аспап екенін балалардан сұрайды. Егер текшеде барабан аспабының суреті болса, ол бала барабан аспабынада қалай ойнау керегін көрсетуі тиіс.* |  |
| **IV. Рефлексия** | *–Дүкенде қандай аспаптар бар екен? Балалардың әрекеттері туралы айтып, мадақтау.* | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка **Мамыр айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:** «Кел, билейік» («Билеп үйренейік» жинағынан) | | |
| **Күні:** | 2 сағат | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы топ** | |
| **Міндеттері** | Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау; -Танып білген музыкалық аспаптар үнін ажырата білу. | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату** | Үнтаспада көңілді ән (жетекшінің таңдауымен) орындалып, балалар залға көтеріңкі көңіл күймен кіреді.<br>Әуен аяқталысымен залдың ортасына безендірілген қорап әкелініп, балалардың көңілін аударады.<br>– Мынау әдемі қорапта не бар екен?<br>Келіңдер, бірге ашып көрейік, – деп балалардың қызығушылығын арттырады. Музыка жетекшісі қораптан балаларға аспаптарды алып көрсетеді. | ҮІӘ-ке қажетті әуендер жинағы |
| **ІІ. Ұйымдастыру**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс** | **Ән айту.** «Біз бақытты баламыз»<br>Ән ырғағына сәйкес сылдырмақты бірге сілке қозғау. Әннің көңілді сипатын сезіне орындауға үйретуді жалғастыру. Балалардың қалауынша таныс әндерді еске түсіру, қайталау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Кел, билейік» («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Би қимылдарын ырғақпен сезіне орындауға, жұптаса отыра музыканың сипатын игере орындауға үйретуді жалғастыру.<br>**«Аспапты үнінен тап» ойыны**<br>**Шарты:** Балалар шеңбер бойымен отырады. Музыка жетекшісі бір баланы шымылдықтың артына жіберіп, ойын шартын түсіндіреді. Шымылдықтың артындағы бала өзіне ұнаған аспабын ойнайды. Шеңбер бойымен отырған балалар аспапты үнінен танып, атауы тиіс.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Жұптасу»<br>Балалар ортаға үлкен шеңбер ішіне жиналады. Барлығы көңілді әуенге би билейді. Әуен тоқтаған сәтте жұптасып тұра қалулары қажет. Жетекші әуен тоқтар алдында нешеуден жұптасу керегін айтып тұрады. (екі, үш) | Аспаптар (Сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас, барабан) |
| **IV. Рефлексия** | Бағалау: жұлдызшалар арқылы | |